

Су қоймаларына балық жіберу, су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидасын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 231-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 27 тамызда № 8644 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 18-05/928 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.10.2015 № 18-05/928 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы 9-бабының 1-тармағы 51-11) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған су қоймаларына балық жіберу, су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидасы бекітілсін.

2. «Су айдындарына балық жіберу, балықтардың жаңа түрлерін жерсіндіру, су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 11-2/442 бұйрығының күші жойылсын деп танылсын (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 7932 болып тіркелген, 2012 жылғы 7 қарашадағы № 385-387 (27204-27206) «Егеменді Қазақстан» газетінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Н. Қаппаров

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қоршаған

ортаны

қорғау

министрінің

2013 жылғы 31 шілдедегі
№ 231 - ө бұйрығымен
бекітілген

Су қоймаларына балық жіберу, су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

1. Жалпы қағидалар

1. Осы су қоймаларына балық жіберу, су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидаларын (бұдан әрі - қағидасы) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы 1 тармағы 51-11) тармақшасына сәйкес әзірленген және су қоймаларына балық жіберу, су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу (тауарлы балық өсіру мақсаты үшін пайдаланатын жасанды тоғандар және ирригациялық суарылатын жүйелерді алып тастағанда) тәртібін анықтайды.

2. Осы қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – уәкілетті орган) – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) су қоймаларына балықтандыру - өз өсімін өзі молайтатын популяцияларды жасау, құнды, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген балықтарды сақтау және (немесе) тауарлы өнімді алу мақсатымен су қоймаларына және (немесе) учаскелеріне балық өсіру материалдарын және балықтарды жіберу;

3) биологиялық негіздеме – жануарлар дүниесін пайдалануға, жануарлар дүниесі объектілерінің жол берілетін аулау мөлшерін анықтауға, сондай-ақ жануарлар дүниесінің объектілері мен олардың мекендеу ортасына ықпал етуге қабілетті қызметке арналған ғылыми негізделген қорытынды;

4) су нысандарындағы балық шаруашылық мелиорациясы – су қоймаларының балық өнімділігін сақтауға және ұлғайтуға, балық ресурстары мен басқа да су жануарларының өмір сүру жағдайлары мен өніп-өсуін жақсартуға бағытталған шаралар кешені;

5) күрделі мелиорация – күрделі шығындары жоғары болғанда (өзендерді

тереңдету, гидротехникалық жұмыстар және т.б.) ұзақ мерзімге оң әсер етуді қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені немесе оның жеке түрлері. Күрделі мелиорация жүргізу мекендеу ортасының және гидробионттардың түрлік құрамының айрықша өзгеруіне алып келеді.

6) ағымдағы мелиорация – күрделі шығындарды қажет етпейтін (жас балықты құтқару, қатып қалудың алдын алу) қысқа мерзімде оң нәтижеге қол жеткізетін техникалық және биологиялық шұғыл сипаттағы іс-шаралар кешені. Ағымдағы мелиорацияда қағидадағыдай мекендеу ортасының және гидробионттардың түрлік құрамының айрықша өзгеруі болмайды.

7) балықтардың қырылуы – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының су қоймасының және (немесе) учаскесінің гидрохимиялық және өзге де режимінің бұзылуынан туындаған жаппай қырылуы;

8) балықтың қырылу қаупі бар су қоймасы және (немесе) учаскесі – балық шаруашылығының балық әлсін-әлсін қырылуға ұшырайтын су қоймасы және (немесе) у ч а с к е с і ;

9) биологиялық объектілердің көмегімен артық өсімдіктерді жою – судың түстенуіне әкелетін төменгі балдырлар мен өсімдіктерді жою үшін су қоймасына өсімдік қоректі балықтар жіберу;

10) табиғи уылдырық шашу орнын қалпына келтіру - бұрын жоғалған уылдырық шашу орнын суландыруға мүмкіндік туғызатын, олардың лайлануын болдырмау, қорытпа және басқа да тасталымдардан тазалау, уылдырық шашу кезеңінде судың қалыпты теңдігін қамтамасыз ететін техникалық шаралар к е ш е н і ;

11) балықтардың уылдырық шашатын орынға өтуін қамтамасыз ету - өрістегіш және жартылай өрістегіш балықтарды өндірушілердің өзендерге өтуін қамтамасыз ету жөніндегі гидротехникалық және басқа да шаралар жүйесі (түптереңдету, өсімдіктерді ору, деңгейлік режимді қолдау);

12) құндылығы аз түрлерді аулау – құндылығы аз түрлерді құндылыраққа ауыстыру бойынша кешенді іс-шаралар бөлігі;

13) су қоймаларын немесе учаскелерін тазалау – балық шаруашылық қоймаларын ластайтын сплавиналарды, су басқан ағаштар мен бұталарды, құрылыс конструкциялары мен материалдарын жою арқылы балық және басқа да су жануарларын қауіпсіз және тиімді аулауды, уылдырық шашатын көші-қонды қамтамасыз ету бойынша техникалық шаралар жүйесі;

14) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдаланушылар (бұдан әрі - пайдаланушылар) - әрекеттегі заңнамаға сәйкес балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға құқық берілген жеке және заңды т ұ л ғ а л а р ;

15) балықтарды бөлініп қалған су қоймаларынан және ирригациялық жүйеден

қорғау – аса қолайлы су қоймаларына тасымалдау және аулау жолымен, немесе су (түсу) және су қоймаларынан шабақтарды жіберу үшін каналдар арқылы біріктіру жолымен балықтардың қырылуын болдырмау бойынша гидротехникалық және басқа шаралар кешені.

16) су қоймаларының сумен қамтамасыз етілуін жақсарту – су жануарларын қолдау және өмір сүру жағдайы мен көбеюін жақсарту жөніндегі гидротехникалық және басқа да шаралар кешені (судың химиялық құрамы, ағымдылығы, деңгейлік режимі);

17) артық өсімдікті ору – артық өсімдіктерді механикалық және/немесе биохимиялық жою (су қоймаларын балықтандыру, оның ішінде өсімдікқоректі балық түрлерін жерсіндіру жолымен өну (өсімін оңтайландыру), судың гүлденуін туғызатын артық өсімдіктерді және төмен балдырларды), сондай-ақ ұсақ (күнсыз) ихтиофаунаны ұтымды игеру, кесу, тамыр жүйесінің зақымдануы, өскен учаскелерді қысқа мерзімді құрғату, рұқсат етілген химиялық құралдар мен препараттарды пайдалану мақсатында мелиораторлар басқа да балық түрлерін орналастыру);

18) жасанды уылдырық шашуды орнату – жасанды жасалған уылдырық шашуды орнату, галечникті, құмды төсеу және басқа іс-шаралар жолымен көбеюдің қолайсыз жағдайларымен су қоймаларында табиғи өсімді молайтуды қолдау бойынша іс-шаралар;

19) Көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығы (бұдан әрі - КТБӨШ) – құндылығы аз балықтарды аулау, орналастыру, өсіру және кейіннен олардан құнды балық түрлерін аулау есебінен оларға ихтиофаунаны толық немесе жартылай ауыстыру жолымен балық шаруашылық су қоймаларын пайдалануды жақсартумен айналысатын шаруашылық.

2. Су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі

3. Су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстар жүзеге асырылады:

1) Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, жасанды өсіру және өсімін молайту, орнықты пайдалануды қамтамасыз ететін республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындармен (бұдан әрі – мемлекеттік кәсіпорындар);

2) қызметі балық ресурстарының жасанды өсімін молайтумен байланысты жеке және заңды тұлғалармен;

3) пайдаланушылармен, сондай-ақ балық аулаушылардың қоғамдық бірлестіктерімен және балық шаруашылығы субъектілерімен;

4) балық ресурстарына және басқа да су жануарларына зиян келтіретін

шаруашылық және өзге қызметті жүзеге асыратын субъектілермен (бұдан әрі – шаруашылық субъектілер);

5) қызметі КТБӨШ-да тауарлы өнім алумен байланысты жеке және заңды тұлғалармен.

4. Су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстар уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесімен құрылатын комиссиямен қабылданады. Комиссия құрамына аумақтық бөлімшенің (комиссия төрағасы), тиісті облыстың (немесе қаланың, ауданның) жергілікті атқарушы органдары, балық шаруашылық профильді ғылыми ұйымдар (келісім бойынша) өкілдері, су қоймаларына пайдаланушы (бекітілген су қоймасы болған жағдайда (бұдан әрі – комиссия) кіреді.

Балықтандыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 қыркүйектегі № 1230 «Мемлекеттік ветеринариялық - санитарлық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес ветеринариялық - санитариялық қауіпсіздігін растайтын ветеринариялық сертификат бар болған жағдайда жүзеге асады.

Су қоймасына балық отырғызу материалдарының әрбір легін жіберу осы қағидалар 2-қосымшасына сәйкес нысанда балықтандыру актісі түрінде комиссиямен белгіленеді.

5. Осы қағиданың 3-тармағында көрсетілген субъектілер, комиссия мүшелерін су қоймаларын балықтандыру бойынша алдағы жұмыстар жөнінде олар басталғанға дейін 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарландырады.

6. Ғылыми ұсыныстарды қалыптастыруда (биологиялық негіздемені) келесі ақпарат есепке алынады:

1) су қоймаларына балықтандыру жүргізудің мақсаттылық негізі және күтілетін нәтиженің болжамы;

2) су қоймалары туралы, ұсынылатын балық өсіру материалдарының түрлік және жас құрамы туралы мәліметтер және балық ресурстары және басқа да су жануарларын және олардың мекендеу ортасын сақтау үшін оңтайлы жағдай жасауға қажетті су қоймаларын балықтандыру көлемі;

3) балықтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу әдістері және тәсілдері, ұсынылатын орны, мерзімі.

7. Биологиялық негіздеме нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде № 6218 болып тіркелген және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 6 сәуірдегі № 233 бұйрығымен бекітілген жануарлар дүниесін пайдалануға биологиялық негіздемені дайындау қағидаларына сәйкес дайындалады.

8. Су қоймаларын балықтармен балықтандыру – жергілікті ихтиофаунадан немесе аталған аймақта жерсіндірілген биологиялық мелиораторлармен су

қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстарды жүргізудің жалпы негізінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік кәсіпорындармен су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі

9. Су қоймаларын балықтандыру бойынша іс-шараларды өткізу туралы ақпарат балықтандыру бойынша іс-шаралар өткізілгенге дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады.

10. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі балық ресурстарының жасанды өсімін молайту бойынша мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру үшін, тиісті кезеңге мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарын қалыптастыру және республикалық бюджет жобасын әзірлеу барысында жыл сайын балық шаруашылық профилді ғылыми ұйымдардың ұсыныстары негізінде және мемлекеттік кәсіпорындардың өндірістік қуатын есепке ала отырып, су қоймаларын балықтандыру көлемін, түрлік және жас құрамы бойынша уәкілетті органның ведомствосына ұсыныстар енгізеді.

11. Уәкілетті органның ведомствосы заңнамамен бекітілген тәртіпте тиісті жылға республикалық бюджеттен бөлінген қаржы мөлшерінде балық ресурстарының жасанды өсімін молайтуға мемлекеттік кәсіпорындармен келісім ш а р т ж а с а с а д ы .

12. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі мемлекеттік тапсырысты іске асыру мақсатында су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстарды жоспарлайтын балық шаруашылық профилді ғылыми ұйымдармен және орындаушымен бірге олардың басталуына дейін 30 күнтізбелік күннен кем емес мерзімде балық отырғызу материалдарын шығару орнын алдын-ала анықтайды. Балық отырғызу материалдарын шығару орнын түпкілікті келісу осы қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделеді.

13. Мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін уәкілетті органның ведомствосына осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша балықтандыру актісін (бұдан әрі – балықтандыру актісі) ұсынады.

Шаруашылық қызметі шеңберінде балық отырғызу материалдарын іске асыруды қоса алғанда ағымдағы жылға балық ресурстарының жасанды өсімін молайту жөніндегі мемлекеттік кәсіпорынның есебі уәкілетті органның ведомствосына 20 желтоқсаннан кешіктірмей ұсынылады.

4. Қызметі балық ресурстарының жасанды өсімін молайтумен байланысты заңды және жеке тұлғалармен су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі

14. Егер балық ресурстарының жасанды өсімін молайтуға тиісті жылға республикалық немесе жергілікті бюджетте қарастырылған қаржы тиісті аймақтағы мемлекеттік кәсіпорындардың өндірістік қуатынан артық немесе балықтандыру үшін ұсынылатын балық түрлерінің мемлекеттік кәсіпорындармен өсімі молайтылмаған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы, немесе жергілікті атқарушы орган конкурстық негізде бәсекелестік ортада мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін аумақтық бөлімшенің ұсынысы бойынша балық шаруашылық профилді ғылыми ұйымдардың ұсыныстары есебімен, су қоймаларын балықтандыру көлемін, түрлік және жас құрамын қалыптастырады.

15. Уәкілетті органның ведомствосы, немесе жергілікті атқарушы орган заңнамамен бекітілген тәртіпте конкурстық негізде қызметі балық ресурстарының жасанды өсімін молайтумен байланысты заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі - орындаушы) арасынан су қоймаларын балықтандыру бойынша мемлекеттік тапсырыстың орындаушысын анықтайды.

16. Уәкілетті органның ведомствосы, немесе жергілікті атқарушы орган заңнамамен бекітілген тәртіпте су қоймаларын балықтандыру бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға орындаушымен келісім шарт жасасады.

17. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі мемлекеттік тапсырысты іске асыру мақсатында су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстарды жоспарлайтын балық шаруашылық профилді ғылыми ұйымдармен және орындаушымен бірге олардың басталуына дейін 30 күнтізбелік күннен кем емес мерзімде балық отырғызу материалдарын шығару орнын алдын-ала анықтайды. Балық отырғызу материалдарын шығару орнын түпкілікті келісу осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделеді.

18. Орындаушы су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ведомствосына осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша балықтандыру актісін ұ с ы н а д ы .

Орындаушы уәкілетті органның ведомствосына немесе жергілікті атқарушы органға ағымдағы жылға балық өсіру жұмыстары туралы есепті 1 желтоқсаннан кешіктірмей келісім шартта бекітілген мерзімде ұсынады, есептің көшірмесін уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бір мезгілде жолдайды.

5. Пайдаланушылармен су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі

19. Пайдаланушылар келісім шарттық міндеттемелерге сәйкес балық шаруашылығының Даму жоспарында қарастырылған өз қаражаты есебінен бекітілген су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстарды жүргізеді.

20. Пайдаланушы су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстарды аяқтағаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша балықтандыру актісін ұсынады.

6. Шаруашылық субъектілермен су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі

21. Шаруашылық субъектілер уәкілетті орган ведомствосының келісімі бойынша балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеу ретінде су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстар жүргізу үшін қаражат қарастыруға міндетті.

22. Су қоймаларының көлемі, түрлік және жас құрамы аумақтық бөлімшелермен келісілген балық шаруашылық профилін ғылыми ұйымдастыру ұсыныстарына сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілермен анықталады.

23. Шаруашылық жүргізуші субъект су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмысты аяқтағаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша балықтандыру актісін ұсынады.

7. Қызметі КТБӨШ-да тауарлы өнім өндірумен байланысты жеке және заңды тұлғалармен су қоймаларын балықтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі

24. Балықтандыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1141 «Балық шаруашылығы су қоймаларын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен бекітілген нысан бойынша жүргізіледі және рәсімделеді.

8. Балық шаруашылық мелиорациялау бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі

25. Балық шаруашылық мелиорациялау ағымдағы және күрделі мелиорацияларға бөлінеді.

26. Ағымдағы мелиорация келесі іс-шаралардың кешенді немесе жеке түрлерін қосады:

1) оны механикалық құрту жолымен артық өсімдіктерді жою (тамырлы жүйелерді зақымдау жолымен қопару, шауып алу) немесе өсіп кеткен жерлерді құрғату, немесе балықтың өсімдік қоректі түрлерімен балықтандыру;

2) су қоймаларында қолайлы оттекті режимді ұстап тұру жолымен балықтың жазда және қыста ауа жетпей, тұншығып қырылуына жол бермеу бойынша шараларды қабылдау;

3) қауіпсіз су қоймаларына тасымалдау және аулау немесе оларды каналдарға жалғау жолымен олардың қырылуына жол бермеу үшін қауіпті су қоймаларынан балықтар және олардың шабақтарын құтқару;

4) мелиоративтік балық аулау – аса бағалысын ауыстыру үшін құнсыз балықтар түрлерін аулау.

27. Күрделі мелиорация келесі іс-шаралардың кешенді және жеке түрлерін қосады:

1) бордақылау және уылдырық шашатын жерлерге балықтарға өткелді қамтамасыз ететін түп-тереңдету және басқа қосымша жұмыстарды, балық қыстайтын шұңқырды орналастыру;

2) суландыру жолымен табиғи уылдырықтаманы қалпына келтіру, оның ішінде балықтардың көбеюіне қолайсыз жағдай жасаумен су қоймаларында табиғи өсімді молайтуды қолдау үшін қалыпты су режимін қамтамасыз ету және олардың тұнбалануының алдын алу, жасанды уылдырықтаманы орнату, бөген салу және басқа гидротехникалық жұмыстар жүргізу.

28. Ғылыми ұсыныстарды қалыптастыруда (биологиялық негіздемелерді) келесі ақпарат есепке алынады:

1) мелиорациялау жұмыстарын жүргізудің мақсатты негізділігі және күтілетін нәтижелердің болжамы;

2) балық ресурстары мен басқа да су жануарларын және олардың мекендеу ортасын сақтау бойынша оңтайлы жағдай құру үшін ұсынылатын мелиорациялау жұмыстарының құрамы мен көлемі туралы, су объектілері туралы мәліметтер;

3) мелиорациялау жұмыстарын жүргізудің ұсынылатын орны, мерзімі, әдісі және тәсілі.

9. Ағымдағы мелиорация бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі

29. Ағымдағы мелиорация бойынша жұмыстар уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен және мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен, балық шаруашылық субъектілерімен және балық аулау қоғамдық бірлестіктерімен ұйымдастырылады және

мамандандырылған ғылыми ұйымдардың ұсыныстары негізінде жүргізіледі.

30. Пайдаланушылар ағымдағы мелиорация бойынша жұмыстар жүргізуді бастау алдын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне алдағы жұмыстар туралы мәлімдейді.

31. Ағымдағы мелиорация бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін пайдаланушылар 3 жұмыс күніне дейінгі мерзімде уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша су қоймасына балық шаруашылық мелиорациялау жұмыстарының аяқталғандығы туралы акт ұсынады.

10. Күрделі мелиорация бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі

32. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен күрделі мелиорация бойынша іс-шаралар заңнамамен бекітілген тәртіпте оларды конкурстық негізде іріктеу жолымен және биологиялық негіздеме және жобалық-сметалық құжаттама негізінде (түп-тереңдету және басқа гидротехникалық жұмыстарды жүргізген жағдайда) уәкілетті органның ведомствосымен немесе жергілікті атқарушы органмен жасалған келісімдерге сәйкес мамандандырылған ұйымдармен өткізіледі.

33. Су объектілері түбінің өзгеруімен байланысты мелиорациялық жұмыстарды жүргізу, қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама және қала салу қызметі туралы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асады.

34. Республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын мелиорациялық жұмыстарды қабылдау уәкілетті орган ведомствосының және оның орынбасарының аумақтық бөлімше басшылары басқаратын комиссиямен жүзеге асырылады. Жұмыстарды қабылдау актісі бойынша балық шаруашылық мелиорациялау осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделеді.

35. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі жыл сайын 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде жүргізілген мелиорациялау жұмыстары туралы есепті ұсынады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2013 жылғы 31 шілдедегі
№ 231 - ө б ұ й р ы ғ ы н а
1-қосымша
Нысан

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде су қоймаларын балықтандыру акті

20 __ жылдың «__» _____ осы акт құрылды

Осы акт 20 __ жылы «__» _____

_____ бірге
(балық өсіру кәсіпорнының, су қоймасының басқа да аулау деректерінің

_____ шығу тегінің атауы)

балық отырғызу материалы балық отырғызу орындарына тасымалдау үшін
а л ы н д ы

_____ туралы жасалды.

Отырғызу орынына тасымалдау үшін алынды _____

_____ (су қоймасының (учаскенің) атауы)

(отырғызу материалының санын, жас мөлшері және түрлік құрамын, бір
данасының орта салмағын көрсету)

Отырғызу материалын алу (аулау) ауаның _____,
судың _____ температурасында жүргізілді.

Отырғызу материалының жағдайы _____

Қ о л д а р ы :

(жіберуші және қабылдап алушы _____

ұйымдардың өкілдері) _____

Жіберу орындарына жеткізілді _____

_____ (сандық, түрлік және жастық құрамы,

_____ отырғызу материалының бір данасының орташа массасы)

Тасымалдау кезіндегі шығын _____

(мөлшері, %)

Тасымалдау жүргізілді _____

(транспорт түрі, транспорт ыдысы, отырғызу тығыздылығы)

Тасымалдау бағыты _____
Тасымалдау уақыты _____ сағат _____ минут _____
Басқа қосымша мәліметтер _____
(тасымалдау жағдайы, жіберу орнының сипаттамасы,

_____ балық отырғызу материалының жағдайы және т.б.)
Комиссия мүшелерінің қолдары:
Уәкілетті органдарының аумақтық бөлімшелері (немесе мекеме):

Жергілікті атқарушы орган:

Б а с қ а да м ү д д е л і
органдар: _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2013 жылғы 31 шілдедегі
№ 231 - ө б ұ й р ы ғ ы н а
2-қосымша
Нысан

**Жеке және заңды тұлғалар өз қаржысы есебінен
су қоймаларын балықтандыру акті**

Осы акт 20 ___ жылдың «___» _____
_____ бірге
(балық өсіру кәсіпорнының, су қоймасының басқа да аулау деректерінің

_____ шығу тегінің атауын көрсету)

_____ балық отырғызу материалын алу көзі,
_____ балық отырғызу орындарына тасымалдау үшін алынды
_____ туралы жасалды.

Жіберу орнына жіберу үшін алынды _____

_____ (су қоймасының (учаскенің) атауы

саны, түрлік және жастық құрамы,

Отырғызу материалының орта салмағы және басқа да)
Отырғызу материалын алу (аулау) ауаның _____,
судың _____ температурасында жүргізілді.
Отырғызу материалының жағдайы _____

Қ о л д а р ы :
(жіберуші және қабылдап алушы _____
ұйымдардың өкілдері) _____
Жіберу орындарына жеткізілді _____
(саны, түрлік және жастық құрамы,
отырғызу материалының бір данасының орташа массасы)

Тасымалдау кезіндегі қалдық _____
(с а н ы , %)

Тасымалдау жүргізілді _____

(транспорт түрі, транспорт ыдысы, отырғызу тығыздылығы)
Тасымалдау уақыты _____ сағат _____ минут _____
Басқа қосымша мәліметтер _____
(тасымалдау жағдайы, жіберу орнының сипаттамасы,

балық отырғызу материалының жағдайы және т.б.)
Балық отырғызу материалының жағдайына
және қорғауына жауапты _____

Қ о л д а р :
(отырғызылатын материалды тасымалдауды
жүзеге асыратын, және бақылайтын
уәкілетті органның аумақтық _____
бөлімшесі _____

немесе атқарушы органның атқарушы билік
өкілдері, _____

басқа мүдделі органдар) _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қоршаған ортаны қорғау министрінің

2013 жылғы 31 шілдедегі

№ 231 - ө б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

Нысан

Су қоймасында және/немесе учаскесінде балық отырғызу материалын жіберу орнын келісу

Келісілген күні _____

1. Су қоймасының (учаскенің) атауы:

(атауы, орналасқан ауданының, пайдаланушыға бекітілгендігі және т.б.

2. Балық отырғызу материалын жіберуді жүзеге асыратын, жеке және заңды тұлғалардың атауы _____

3. Орналастыру (отырғызу) мақсаты _____

_____ мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру,

_____ зиянды өтеу немесе жерсіндіру мақсатында интродукциялау

4. Орналастыру объектісі туралы мәлімет _____

(орналастыру объектісінің атауы (балық түрі және басқа су жануары), ауланған

о р н ы

_____ және ауланған материалдар бір данасының орташа массасының мөлшері)

5. Су қоймасындағы нақты орналастыру орны

_____ (отырғызу орнын (учаскесін) анықтап сипаттау жіберу нүктесіне схемаға)

6. Келіскендердің атауы және басқа да мүдделі тұлғалар _____

_____ (балық шаруашылығы аумақтық бөлімшелердің өкілдері, су қоймасын пайдаланушылар, шаруашылық

жүргізу субъектісі, басқа да мүдделі тұлғалар (жергілікті атқарушы органдардың өкілдері және т.б.)
Актіге қол қойғандар:
Лауазымы

Ескертпе: Келісу акті керекті мөлшерде түзіледі. Бірінші нұсқасы балық шаруашылығы аумақтық бөлімшесінде қалады. Балықтандыру қолданыстағы заңдарға және Қағидаға сәйкес жүзеге асады.

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2013 жылғы 31 шілдедегі
№ 231 - ө бұйрығына
4-қосымша
Нысан

Су объектілеріне балық шаруашылықтық мелиорация жұмыстарының аяқталуы туралы акті

(республикалық, облыстық, жергілікті маңызы бар су қоймасының атауы)

1. Су қоймасының орналасқан саласы: _____

Аудан, учаске: _____

2. Біз, төмендегі қол қоюшылар,
_____ тұлғаға, бір жағынан
(қызметі, тегі, аты, әкесінің аты)
_____ тұлғаға

(мелиорациялау жұмыстарын жүргізген кәсіпорының атауы)
ары қарай «Атқарушы» ретінде екінші жағынан, 20__ж.
«__» _____ № _____ келісім-шарт негізінде әрекет ететін
өндірісте күрделі мелиорациялау жұмыстарын жүргізу,

(Мониторинг жүргізетін ұйым өкілінің немесе жергілікті атқарушы органы өкілінің аты, тегі, әкесінің аты, қызметі)
Атқарушымен техникалық тапсырма және жұмыс жоспарында қарастырылған күрделі мелиорациялау жұмыстары жүргізілгендігі жөнінде осы акті

қ ұ р а с т ы р д ы .

3.«Атқарушылармен» мелиорациялау жұмыстарының келесі түрлері о р ы н д а л д ы :

4. Орындалған жұмыс сомасы: _____

5. Жұмыс жүргізудің талаптары: _____
(ауа-райы жағдайын көрсету; балықты жерсіндірген жағдайда балық

отырғызу материалын алу көзі,

тасымалдау жағдайы, тасымалданған объектілер қалдығы)

6. Жоғарыда айтылғандарға орай _____

Мелиорациялау жұмыстары орындалғанына баға беру: толық көлемінің
н е м е с е е г е р ж ұ м ы с

орындалмаса қандай этап екенін, қандай себептермен орындалмағанын
к ө р с е т у

_____ деп, есептейміз.

Жұмыс қабылдау бойынша Комиссия құру туралы 20__жылғы «__»
_____ Мемлекеттік органның атауы № _____ бұйрығына
сәйкес, осы акт _____ нұсқада құрылды.

Қ о л д а р ы

Су қоймасының және/немесе уәкілетті органның аумақтық бөлімшенің
өкілдері _____

Жергілікті атқарушы органның өкілдері (қажет болған жағдайда):

Орындаушы: _____

Пайдаланушы (қажет болған жағдайда) _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қоршаған ортаны қорғау министрінің

2013 жылғы 31 шілдедегі

№ 231 - ө б ұ й р ы ғ ы н а

5-қосымша

Нысан

Меншікті қаражаты есебінен шаруашылық субъектілерімен, су қоймасын балықтандыру жұмыстарын жүргізуге келісім шарт

_____ «____» _____ 20__ ж.
(келісім шарт жасасқан жер) (келісім шарт жасасқан күн)

(келісім шарт жасасушы, аумақтық бөлімшенің атауы)
ары қарай «Тапсырыс беруші» деп аталатын басшылық (оның уәкілетті орынбасары) _____,

(тегін, атын, әкесінің аты көрсетіледі)
бір жақтан 20__ ж. «__» _____ № ____ Жауапты хатшының бұйрығымен бекітілген Қағида негізінде әрекет ететін және _____,

(осы келісім шартты жасасқан жеке кәсіпкерлердің, заңды тұлғаларды а т а у ы)
ары қарай «Атқарушы» деп аталатын, тұлғаға _____,

(қызметін, тегін, атын, әкесінің атын көрсету)
негізінде әрекет ететін _____
(Жарлықтың атауы, жеке кәсіпкердің заңды тұлғаның қызметі _____,

негізінде жүзеге асырылатын басқа да құрылтай құжаттары көрсетіледі) басқа жағынан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қоршаған ортаны қорғау министрінің 20__ жылғы «__» _____ бұйрығымен бекітілген «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 593-ІІ Заңының 17 бабы Су қоймаларына балық жіберу, балықтардың жаңа түрлерін жерсіндіру, су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау жұмыстарын жүргізу Қағидасының 3-тармағын басшылыққа ала отырып, осы төмендегідей Келісім шарт (бұдан әрі – Келісім шарт) жасасты.

1. Келісім шарттың мәні

1.1. Осы Келісім шарттың мәні су қоймасын балықтандыру іс-шараларын, шаруашылықтық субъектілерінің өз қаражаты есебінен жүргізу болып

табылады _____,
(ұдайы өсірілетін су асты биоресурстары түрлерін және су
объектісі атауын көрсету)

Территорияда орналасқан, өндірістік қуаттылығы _____
(субъектінің атауын көрсету)

Кейіннен су объектісіне жіберу үшін _____
(су объектісінің атауын көрсету немесе

егер ұдайы өсірілетін шабақтар/дернәсілдерді жіберу әр түрлі су
объектілерінде қарастырылған жағдайда
шабақтар/дернәсілдер _____
(су биоресурстарына жіберілетін шабақтың (дернәсілдің)

өсу сатысын, түрін, орта дана салмағын, мөлшерін көрсету)

1.2. Шаруашылық субъектілерінің өз қаражаты есебінен су қоймаларын
балықтандыру бойынша іс-шаралары Орындаушылармен алынған балық
отырғызу материалдарын пайдаланумен жүзеге асырылады _____

(балық отырғызу материалының алынған көзін: балық шаруашылықтық маңызы
б а р

су объектісінен табиғат пайдаланушымен өндірілген (ауланған) жеке
аналық табынының болуы, сатып алу)

1.3. Осы Келісім шарт бойынша өз қаржысы есебінен шаруашылықтық
субъектілерімен су қоймаларын балықтандыру бойынша іс-шаралар
Тапсырыс берушінің мүддесінде жүзеге асырылады, уәкілетті органның
ө к і л і р е т і н д е .

1.4. Су объектісінің (су объектілері) Осы Келісім шарттың
1.1. тармағында көрсетілген өндірілген су биоресурстарын жіберуді
Орындаушы жүзеге асырғаннан бастап осы Келісім шарт шеңберінде
Орындаушымен өндірілген су биоресурстары республикалық жеке меншік
болып табылады.

2. Тараптардың құқықтарымен міндеттемелері

2.1. Тапсырыс берушінің құқықтарымен міндеттері.

2.1.1. Тапсырыс берушінің осы Келісім шарттың шеңберінде өзіне келесі
м і н д е т т е р д і а л а д ы :

1) Су қоймаларын балықтандыру, балықтың жаңа түрлерін жерсіндіру, су

объектілерін балық шаруашылықтық мелиорациялау бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды және ұйымдастыру үшін Орындаушыны қажетті мәліметтермен қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) Осы келісім шарттың орындалуына бақылауды жүзеге асыру, оның ішінде су қоймаларын балықтандыру, өсіру биотехникасын сақтау, өсімі молайтылатын су биоресурстары түрлері бойынша іс-шаралардың негізі кезеңінде;

3) орындалған жұмыстарға (іс-шараларға) наразылық болмаған жағдайда келісім шарттың 3-бөлімімен белгіленген тәртіпте осы келісім шарт бойынша орындалған іс-шараларды қабылдауды жүзеге асыру.

2.1.2 Тапсырыс беруші осы Келісім шарттың шеңберінде өзіне келесі қ ұ қ ы қ т а р д ы и е л е н е д і :

1) Орындаушыдан осы Келісім шарт талаптарының орындалуын сақтау туралы а қ п а р а т с ұ р а т у ғ а ;

2) қажет болған жағдайда су биоресурстарының бонитировкасы бойынша жұмыстар жүргізуге қ а т ы с у ғ а ;

3) Осы Келісім шартты орындау мақсатында су қоймаларын балықтандыру, су объектілерін балық шаруашылықтық мелиорациялау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру және ұйымдастыру мәселелері бойынша Орындаушыға кеңес б е р у д і жү з е г е а с ы р у ғ а ;

2.2. Орындаушының міндеттері және құқықтары.

2.2.1 Орындаушы осы Келісім шарттың шеңберінде өзіне келесі міндеттерді а л а д ы :

1) шабақ (дернәсіл) өсіру бойынша қолданыстағы биотехникалық көрсеткіштерді сақтау, өз қаржысы есебінен осы Келісім шарттағы іс-шараларды орындау;

2) балық шабақтарын оларды жіберу орындарында жеп қоюды болдырмау мақсатында жыртқыш балық түрлерін аулауды жүзеге асыру;

3) Осы келісім шарттың 1.1. тармақшасында қарастырылған, шабақтарды (дернәсілдерді) көбейту бойынша қолданыстағы биотехникалық көрсеткіштерді сақтау, балық шаруашылықтық маңызы бар су объектілеріне 20 ___ жылдың « ___ » _____ дейін су биоресурстарын шабақтарды (дернәсіл) жіберуді қамтамасыз е т у ;

4) осы Келісім шарттың 3-бөліміне сәйкес орындалған іс-шараларды Тапсырыс берушіге та п с ы р у д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;

5) осы Келісім шартқа сәйкес Орындаушы өзінің міндеттерін орындауға бөгет болған, туындайтын немесе туындауы мүмкін жағдайда Тапсырыс берушіні ш ұ ғ ы л х а б а р д а р е т у ;

6) орындаушы осы Келісім шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыруда Та п с ы р ы с б е р у ш і г е ы қ п а л е т у ;

7) Осы Келісім шартқа қатысты кез келген мәселе бойынша тапсырыс берушіге

х а б а р л а у .

2.2.2. Орындаушы осы Келісім шарттың шеңберінде осы Келісім шарттың орындалу мәселелері бойынша Тапсырыс берушіден ақпарат сұрауға және алуға құқығы бар.

3. Орындалған іс-шараларды беру және қабылдау тәртібі

3.1. Осы келісім шартпен жүзеге асатын жұмыстың шамамен аяқталатын күнін 15 күннен кешіктермей Орындаушы жұмыстың орындалуының аяқталу күнін және жерін Тапсырыс берушіге жазбаша түрде хабардар ету қажет.

3.2. Хабар алған Тапсырыс беруші осы Келісім шарттың 3.1 тармақшасында қаралғандай, Комиссия құруға міндетті және Орындаушыға орындалған жұмысты қабылдауға және тиісті актілерді рәсімдеуге жолдауы тиіс.

3.3. Орындаушы жұмыс аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалған жұмысты беру – қабылдау актісінің екі дұрыс нұсқасын, Орындаушы тарапынан қол қойылған, балық өнімін жіберу актісінің бір дұрыс нұсқасын жіберуі қажет.

3.4. Тапсырыс беруші ескертпелері болмаған жағдайда Орындаушының жұмыстың орындалуын беру-қабылдау актісін алғандығына қол қояды және оны Орындаушыға жолдайды. Тапсырыс берушінің ескертпелері болған жағдайда жұмысты қабылдаудан дәлелді бас тартады және қайта жібереді.

3.5. Іс-шараның сапалы және уақытылы орындалуын Тапсырыс беруші 15 күнтізбелік күн ішінде жазбаша Орындаушыға келеңсіздіктерді реттеудің мерзімімен жағдайын анықтайды.

4. Жойылмайтын күші бар міндеттер

4.1. Келісім шарттың орындалуын қиындататын не оның орындалмауына әсер ететін болса жойылмайтын күші бар міндеттер салдары болса, осы Келісім шарттың жарым-жартылай немесе толық орындалмауына Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

4.2. Жойылмайтын күші бар міндеттерге табиғат апаты, өрттер, қоғамдық толқулар, соғыстар, кез келген жағдайдағы әскери іс-әрекеттер, ереуілдер, нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, мемлекеттік басқару органдары заңсыз әрекеттері, сонымен қатар өндірушілердің мөлшерлі жүрістері, сонымен қатар су объектілерінің гидрологиялық, температуралық және гидрохимиялық режимдерінің қанағаттандыралмауы мүмкіндігін Тараптардың осы Келісім жасалғанда білмегендігі және біле алмауы.

4.3. Жойылмайтын күші бар міндеттер деректің орнауы тиісті құжаттармен расталуы қажет, не соттық тәртіпте дәлелденуі қажет.

5. Жауапкершілік

5.1. Осы Келісім шарт және қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің міндеттерін орындамағаны үшін Тараптар жауапкершілік алады.

5.2. Орындаушы оның әрекеті немесе жіберілген қателігінің нәтижесі болып табылған балық ресурстарына және басқа да су жануарларына келтірілген зиянға жауапкершілік алады және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте Тапсырыс берушіге залалдың орнын толтырады.

5.3. Форс-мажорлы жағдайды алып тастағанда, егер Орындаушы Келісім шартта қарастырылған мерзімде жұмысты орындай алмаса, өткізілген мерзімнің әрбір күніне 1 АЕК мөлшерінде Тапсырыс берушіге айыппұл төлейді.

6. Пікірталасқа рұқсат беру

Осы Келісім шартқа сәйкес барлық даулар мен келіспеушіліктер екі Тараптардың келіссөздері арқылы шешуге рұқсат беріледі. Даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешуге мүмкіндік болмаған жағдайда, олар осы Келісім шартқа сәйкес қолданыстағы заңнамаларға сәйкес соттық тәртіпте шешілуге жатады.

7. Басқа да шарттар

7.1. Осы келісім шарттың барлық өзгертулері мен толықтырулар екі тараптың уәкілдерінің келісілуімен жазбаша түрде қол қойылған жағдайда рас болып табылады.

7.2. Осы Келісім шарт жұмыстарының іс жүзінде орындалмауы Орындаушының осы Келісім шартты орындаудан бас тартқаны болып табылады.

7.3. Азаматтық заңнамаларда көзделген соттың шешімі негізінде немесе екі тараптың келісімі бойынша келісім шартты бұзуға жол беріледі.

7.4. Тараптар келісім шарттың орындалуында өзгерістер туралы бір-бірін ақпараттандырып тұруы қажет.

7.5. Келісім шарт екі нұсқада жасалынды, және бірдей заңдық күші бар.

7.6. Осы Келісім шарт бойынша хат-хабардың барлығы Тараптарға осы Келісім шартта көрсетілген мекен-жайға сәйкес почта байланыстары арқылы почталық мекен-жайға жіберіледі. Әрбір Тарап хат-хабарды осы Келісім шартта көрсетілген мекен-жайға жеткізілуін қамтамасыз етуі қажет. Тараптардың жазбаша үндеуі осы Келісім шартта көрсетілген мекен-жайға жеткізілгені туралы хабардар етуі қажет.

8. Келісім шарттың әрекет ету мерзімі

Осы Келісім шарт қол қойылған күннен бастап 20__ жылдың «__» _____ дейін әрекет етеді.

9. Екі тараптың деректері және мекен жайы

Тапсырыс беруші	Орындаушы
МО	МО
Қазақстан	Республикасы
Қоршаған	ортаны қорғау
2013 жылғы	31 шілдедегі
№ 231 - ө	бұйрығына
б-қосымша	
Нысан	
Б Е К І Т Е М І Н	
Директор	
_____	(кәсіпорын атауы)
_____ 20__ ж.	(Директордың ТӘЖ)

20__ жылғы

балық өсіру жұмыстары туралы _____
(кәсіпорын атауы) ЕСЕП

(орналасқан жері)

МАЗМҰНЫ

1. Аналық-табын санының мазмұны, қыстама
2. Көктемгі балық өсіру мерзіміне дайындалу
3. Аналық-табын санының маңызын зерттеу
4. Уылдырық инкубациясы _____
(балық түрінің атауы)
5. Өсіру тоғандарына шабақтарды өсіру, тоғандарды балықтандыру және дайындау
6. Гидрохимиялық режим
7. Екінші реттегі екі жаз өмір сүретін балықтарды өсіру (бар болған жағдайда)

8. Күзгі аулауға дайындалу
9. Қорытынды

10. Кестелер, суреттер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК